

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқарамасы, Лицензиялау және қадағалау басқармасы және Заң басқармасы жоғарыда аталған Қағидаларды (олар күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің назарына жеткізу жөнінде барлық ықтимал ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы жоғарыда аталған Қағидаларды (олар күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға жоғарыда аталған Қағидаларды өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ж ө н і н д е г і
ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы д и р е к т о р а т ы
1999 ж ы л ғ ы 13 ж е л т о қ с а н д а ғ ы N 514
қаулысымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының ақпарат ашу
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Осы Қағидалар "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңының және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің негізінде әзірленді және инвесторлардың және мүдделі тұлғалардың алдында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) бар ақпаратты ашу тәртібін белгілейді.

1. Ұлттық комиссияда бар, көпшілікке рұқсат етілген (оған рұқсат етілу үшін артықшылықтар талап етілмейтін) мынадай ақпарат ашылуға жатады:

1) Ұлттық комиссияның нормативтік құқықтық актілері;

2) осы Қағидалардың 2-тармағында белгіленген нормаларды ескере отырып, осы Қағидалардың I-қосымшасында айқындалған көлемде эмитенттер және бағалы қағаздар эмиссиясы туралы мәліметтер;

3) қолданылып жүрген заңға сәйкес лицензиялауға жататын бағалы қағаздар рыногындағы қызметті (Ұлттық комиссия берген рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылатын) жүзеге асыратын ұйымдар туралы, осы Қағидалардың 1-

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚПАРАТ АШУ
ҚАҒИДАЛАРЫНА

1-қосымша

Эмитенттер және бағалы қағаздардың эмиссиялары туралы ашылатын ақпараттың ҚҰРАМЫ

1. Эмитенттің атауы (оны мемлекеттік тіркеу қайта (тіркеу туралы) куәлікке сәйкес) .

2. Эмитенттің орналасқан жері(оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке немесе статистикалық карточкаға сәйкес).

3. Эмитентті заңды тұлға ретінде тіркеген (соңғы қайта тіркеген) мемлекеттік органның атауы; эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелген (соңғы қайта тіркеген) күні және нөмірі .

4. Акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін эмитенттерге қатысты: мүшелерінің эмитенттің төлеген жарғылық капиталындағы үлесін көрсете отырып эмитенттің басқару органының (директорлар кеңесінің) құрамы (Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) бар соңғы мәліметтерге сәйкес) .

5. Мүшелерінің эмитенттің төленген жарғылық капиталындағы үлесін көрсете отырып эмитенттің алқалы атқарушы органының құрамы (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес) .

6. Лауазымын және аты-жөнін(тегін, өз атын және құжатта жазылса әкесінің атын), содай-ақ эмитенттің төленген жарғылық капиталындағы үлесін көрсете отырып эмитенттің бірінші басшысы(алқалы атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) туралы мәліметтер(Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес) .

7. Эмитенттің байланыс телефондары мен факстерінің нөмірлері (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес) .

8. Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер:

1) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін тіркеуші жүргізген кезде: тіркеушінің атауы және орналасқан жері(оны мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес), тіркеушінің байланыс телефондары мен факстерінің нөмірлері(Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес), осы лицензияның жай-күйі туралы мәліметтерді көрсете отырып бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияның нөмірі мен берілген күні ;

2) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін эмитент өзі дербес жүргізген кезде:

эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі функцияны жүзеге асыратын эмитент қызметкерінің аты-жөні; осы біліктілік куәлігінің жәй-күйі туралы мәліметтерді көрсете отырып осы қызметкерге берілген Ұлттық комиссияның екінші санатты біліктілік куәлігінің (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді атқару және тіркеу жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат ету құқығын беретін) нөмірі және берілген күні.

9. Эмитенттің бағалы қағаздар эмиссиясының мемлекеттік тіркелген күндер (эмитенттің мемлекеттік тіркеуге жатпайтын бағалы қағаздар эмиссияларына ұлттық біріздендіру нөмірлері берілген күндер); эмитенттің бағалы қағаздар эмиссияларына берілген ұлттық біріздендіру нөмірлері; эмитенттің эмиссиялар проспектілерінің (шығарылым шарттарының) және бағалы қағаздар эмиссияларының Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі тіркеу нөмірлері; эмитенттің бағалы қағаздар эмиссияларының жойылу күндері.

10. Эмитенттің бағалы қағаздарының шығару нысандары және орналастырылу тәсілдері.

11. Эмитенттің бағалы қағаздар эмиссиясының құрылымы.

12. Эмитенттің Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерді берген күндері; осындай есептерді Ұлттық комиссияның бекіткен күндері.

13. Эмитенттің бағалы қағаздар эмиссияларын тоқтата тұру және оларды болмаған деп тану туралы фактілер туралы мәліметтер.

14. Эмитенттің бағалы қағаздар эмиссияларының проспектілерінің толық немесе ішінара көшірмелері немесе осындай құжаттардың үзінділері.

15. Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептердің толық немесе ішінара көшірмелері немесе осындай құжаттардың үзінділері.

16. Эмитент және оның бағалы қағаздарының эмиссиялары туралы өзге де ықтимал мәліметтер.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ж ө н і н д е г і

ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы д и р е к т о р а т ы

1999 ж ы л ғ ы 13 ж е л т о қ с а н д а ғ ы N 514

қаулысымен бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ж ө н і н д е г і

ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң а қ п а р а т а ш у

ҚАҒИДАЛАРЫНА

2-қосымша

Қолданылып жүрген заңға сәйкес лицензиялауға жататын бағалы қағаздар рыногындағы қызметті (Ұлттық комиссия берген рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылатын) жүзеге асыратын ұйымдар туралы ашылатын ақпараттың ҚҰРАМЫ

1. Ұйымның атауы (оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке с ә й к е с) .

2. Ұйымның тіркеліп орналасқан жері (оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке немесе статистикалық карточкаға сәйкес).

3. Ұйымның нақты орналасқан жері (Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) бар соңғы мәліметтерге сәйкес).

4. Ұйымның байланыс телефондары мен факстерінің нөмірлері (Ұлттық комиссиясында бар соңғы мәліметтерге сәйкес).

5. Лауазымын және аты-жөнін (тегін, өз атын және құжатта жазылса әкесінің атын), көрсете отырып ұйымның бірінші басшысы (алқалы атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) туралы мәліметтер (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес).

6. Осы лицензияның (рұқсаттың) жай-күйі туралы мәліметтерді көрсете отырып бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияның нөмірі және берілген күні.

7. Бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттейтін ұйымдарынан (қор биржаларын қоспағанда) және оқу орталықтарынан басқа өзге ұйымдар үшін: ұйымның жарғылық және жеке капиталдарының мөлшерлері туралы мәліметтер (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес).

8. Оқу орталықтары үшін: оқытушылардың тізімі (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес).

9. Кастониан-банктер және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялары үшін:

1) басқару органының (директорлар кеңесінің) құрамы (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес);

2) алқалы атқарушы органның құрамы (Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес);

3) қызмет көрсетілетін зейнетақы қорларының атаулары.

10. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар үшін:

1) компанияның акционерлері туралы мәліметтер (компанияның төленген жарғылық капиталындағы үлесін көрсете отырып компанияның акционерлерінің атаулары және орналасқан жерлері туралы Ұлттық комиссияда бар соңғы мәліметтерге сәйкес);

2) жинақтаушы зейнетақы қорларына қызмет көрсететін

кастодиан-банктердің атаулары;

3) жекелеген зейнетақы қорлары бойынша жеке-жеке, компанияның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің мөлшері (өткен немесе ағымдағы айдың барынша күні жағдайына Ұлттық комиссияның көкейкесті етілген және салыстырып тексерілген соңғы мәліметтеріне сәйкес);

4) жекелеген зейнетақы қорлары бойынша жеке-жеке, компанияның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің кірістілігі (өткен немесе ағымдағы айдың бірінші күні жағдайына Ұлттық комиссияның көкейкесті етілген және салыстырып тексерілген соңғы мәліметтеріне сәйкес);

5) зейнетақы активтерін компания инвестициялық басқаруға қабылдаған жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдерінің құрылымы (өткен немесе ағымдағы айдың бірінші күні жағдайына Ұлттық комиссияның көкейкесті етілген және салыстырып тексерілген соңғы мәліметтеріне сәйкес).